# Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

**ғылыми-құқықтық журнал**

**№ 2 (34) 2014**



**Меншік иесі және баспагер:**
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

**2006 жылдан бастап шығады**
Журналдың материалдары
http:/www.izrk.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)



**Редакциялық кеңес:**
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

**Редакциялық алқа:**
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ



Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.



**Мекен-жайы:**
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz


**МАЗМҰНЫ**


Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (жаңа редакциясы) жобасы бойынша баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 5 маусым........ 7

***Конституциялық және әкімшілік құқық*** ........ 10

Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының конституциялық бақылауды қамтамасыз етудегі қызметінің кейбір мәселелері........ 10
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Мемлекеттік монополияның құқықтық негіздері........ 16
С.С. ШЕШЕНБАЕВА Әкімшілік әділет неден басталады?........ 22

***Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы*** ........ 26

С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Қазақстан Республикасының банкроттық және оңалту заңнамаларының жаңалықтары........ 26
А.А. МҰҚАШЕВА, Р.Е. БҮЖІГІТОВА Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама аясында шағын су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары........ 34
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА, А.М. ҚАСЫМОВА Мұрагерлік кезіндегі әмбебап құқық мирасқорлығы........ 40

***Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу*** ........ 44

С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің өзектілігі: заң техникасы........ 44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жобасын талқылау шеңберінде: жеке пікір........ 49
Р.А. ОРСАЕВА Құқықтық білімділік әрқашан нәтиже бермейді........ 54

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасы өмір бойы бас бостандығынан айыру институтын реттейтін қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру мәселелері........................................................................................................ 60

***Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану*.................................................. 65**

М.А. СӘРСЕМБАЕВ, К.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Кейбір конвенциялар, қазақстандық және американдық заңнама, БҰҰ-ның халықаралық терроризммен күрес құрылымдары.................................................................................................................. 65

Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шарт жобасының ерекшеліктері............................................................................................................ 75

Ж.И. ИБРАГИМОВ Қазақстан Республикасының қатысуымен қалыптасатын интеграциялық бірлестіктердің құқықтық аспектілері.................................................................................. 80

Қ.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.К. ЖҮСІПБЕКОВА Қазіргі кезеңдегі Кедендік одақтың кедендік-тарифтік саясатының өзекті мәселелері.............................................................................. 86

***Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама*.................................................................................................................................. 92**

Т.С. САФАРОВА Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді әрі қарай жетілдірудің кейбір теоретикалық аспектілері.......................................................................... 92

Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Әлеуметтік жаңғырту аясындағы еңбек заңнамасы (іргелі ғылыми-қолданбалы зерттеу материалдары бойынша)........................................................................ 96

***Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен*.............................................................. 100**

Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТҰРАРОВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ұғымдық кемшіліктері мен орфографиялық мәселелері.................................. 100

М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МҰШАНОВ Мемлекеттік тіл туралы заңды енді кешеуілдетуге болмайды!................................................................................................................................ 108

Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Аударма жасауда заң тілінің сөз жасамдық және морфологиялық сипаттарын ескеру мәселелері.............................................................................. 112

А.Н. КАДИРОВА Заң терминдерін аудару мәселелерін зерттеу мен тіларалық коммуникация саласындағы шығармашылық.................................................................... 116

***Шетелдік тәжірибе*.................................................................................................. 120**

Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (Саратов қ.) Имплементация құқықтық институт ретінде................ 120

Ю.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Мемлекеттік биліктің моральдық-этикалық құрамдас бөлігі.................................................................................................................................. 125

***Құқық қолдану тәжірибесі*.............................................................................................. 131**

К.А. АРАЛБЕКОВА Сот актілерін орындау - басты міндет............................................... 131

*Жас ғалым мінбері*........................................................................................................ 133

Д.Ш. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Ұлыбритания еліндегі атқарушы директорлардың асыра сыйақыларына құқықтық және корпоративтік шектеулерді қарастыру............................ 133
А.М. ҚОҒАМОВ ҚР және АҚШ-тың қылмыстық процесінде әрбір адамның білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығына қысқаша салыстырмалы-құқықтық талдау..... 139
Ж.М. ЛЕПЕСОВА Мұрагерлік құқығындағы өсиеттік бас тарту институты.................... 143
С.Т. СӘРСЕМБАЕВА Қарақшылық пен бопсалаушылықтың ара-жігін ажыратудың проблемалық мәселелері..................................................................................................... 146
З.С. ӘШІМОВА Аукцион сауда-саттық нысаны ретінде .................................................. 151
Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар.......................... 155
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Ұйымдарға салынатын салықтан жалтару қылмысын нормативтік қаулыда қарастыру мәселелері.......................................................................................................... 159

*Ақпараттық хабарламалар* ................................................................................................ 164

2014 ж. 24-25 сәуірде Мәскеу қ. өткен Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы үшінші жылсайынғы форум туралы ақпараттық хабарлама..................................................... 164
2014 ж. 21 мамырда ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама............................................. 166
2014 ж. 30 мамырда Астана қ. өткен «Қазақстан Республикасының заңнамасын реформалаудың өзекті мәселелері: теория және практика» атты Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама............................................................................................ 170
«Сауда және инвестицияны қорғау туралы өңірлік халықаралық шарттар» тақырыбына өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама. Минск қ., 2014 жылғы 12-13 маусым ........................................................................... 172

*Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері*......................................................... 174

*Мерейтой*................................................................................................................................ 175

З.ғ.д., профессор М.С. БЕЙБІТОВТІҢ туғанына 60 жыл.................................................. 175
ҚР ҰҒЖА академигі, з.ғ.д., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИДІҢ 60-жылдығына орай............ 177

# Вестник Института законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

№ 2 (34) 2014

**Собственник и издатель:**
ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан»

**Издается с 2006 года**
Все материалы журнала размещаются на сайте http:/www.izrk.kz

Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам (Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г. )



**Редакционный совет:**
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

**Редакционная коллегия:**
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак



Свидетельство о постановке на учет СМИ № 11219-Ж от 15.11.2010 г. Комитета информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан



**Адрес:**
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz


**СОДЕРЖАНИЕ**


Пресс-релиз Министерства юстиции Республики Казахстан по проекту Кодекса об административных правонарушениях (новая редакция), г. Астана, 5 июня 2014 года........................ 8

***Конституционное и административное право ............*** 10

Н.А. БИЕКЕНОВ Отдельные аспекты деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан по обеспечению конституционного контроля.......................... 10

Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы государственной монополии.......................................................................... 16

С.С. ШИШИМБАЕВА С чего начинается административная юстиция?........................................................................ 22

***Гражданское и гражданско-процессуальное право..........*** 26

С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Новеллы законодательства Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве.... 26

А.А. МУКАШЕВА, Р.Е. БУЖИГИТОВА Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в свете Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике»......................................................................... 34

Л.С. ТУРГАНБАЕВА, А.М. КАСЫМОВА Универсальное правопреемство при наследовании...................................... 40

***Уголовное право и уголовный процесс................................*** 44

С.М. РАХМЕТОВ Проблемы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан: юридическая техника.......................................................................... 44

Д.Ж. ИГЕМБАЕВ В рамках обсуждения проекта Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан до 2025 года: собственные рассуждения.................................... 49

Р.А. ОРСАЕВА Правовое знание всегда дает результат........ 54

О.Б. ФИЛИПЕЦ К вопросу совершенствования норм уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан, регламентирующих Институт пожизненного лишения свободы........ 60

*Международное право и сравнительное правоведение*........ 65

М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ Some Conventions, Kazakh criminal legislation, UN structures in fight with international terrorism (Некоторые конвенции, казахстанское и американское законодательство, структуры ООН в борьбе с международным терроризмом)........ 65
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Особенности Проекта Договора об учреждении Евразийского экономического союза........ 75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовые аспекты интеграционных процессов с участием Республики Казахстан........ 80
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Актуальные проблемы таможенно-тарифной политики Таможенного союза на современном этапе........ 86

*Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА*........ 92

Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан........ 92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Трудовое законодательство в свете социальной модернизации (по материалам фундаментального научно-прикладного исследования)........ 96

*Из практики законотворчества на государственном языке*........ 100

А.А. ДАУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТУРАРОВА Терминологические недостатки и орфографические вопросы Гражданского кодекса Республики Казахстан........ 100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МУШАНОВ Не стоит откладывать принятие закона о государственном языке!........ 108
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Вопросы словообразования и морфологических особенностей языка закона при переводе........ 112
А.Н. КАДИРОВА Изучение вопросов перевода юридических терминов и творческий подход к сфере межъязыковой коммуникации........ 116

*Зарубежный опыт*........ 120

Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (г. Саратов) Имплементация как правовой институт........ 120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Морально-этическая составляющая государственной власти........ 125

*Правоприменительная практика*........ 131

К.А. АРАЛБЕКОВА Исполнение судебных актов – главная обязанность........ 131

***Трибуна молодого ученого*** ........................................................ 133

Д.Ш. ХУДАЙБЕРГЕНОВА Examination of the Legal and Governance Restraints on Excessive Executive Directors' Remuneration in the Great Britain (Рассмотрение правовых и корпоративных ограничений на чрезмерные вознаграждения исполнительных директоров в Великобритании)........................................................ 133
А.М. КОГАМОВ Краткий сравнительно-правовой анализ конституционного права каждого на получение квалифицированной юридической помощи в уголовном процессе Республики Казахстан и США........................................................ 139
Ж.М. ЛЕПЕСОВА Институт завещательного отказа в наследственном праве........................ 143
С.Т. САРСЕМБАЕВА Problematic issues of delimitation of robbery and extortion (Проблемные вопросы разграничения разбоя и вымогательства)........................................................ 146
З.С. АШИМОВА Аукцион как форма торгов........................................................ 151
Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Правовые последствия при усыновлении (удочерении)........................ 155
Д.Ш. ТОКЕЕВ Вопросы рассмотрения в нормативном постановлении по преступлению уклонения от уплаты налогов с организации........................................................ 159

***Информационные сообщения*** ........................................................ 164

Информационное сообщение о Третьем ежегодном Евразийском антикоррупционном форуме в г. Москве, 24-25 апреля 2014 г. ........................................................ 165
Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам проведения научной лингвистической экспертизы, 21 мая 2014 г. ........................................................ 168
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы реформирования законодательства Республики Казахстан: теория и практика», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 30 мая 2014 г. ........................................................ 171
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции на тему: «Региональные международные договоры о торговле и защите инвестиций» в г. Минске, 12-13 июня 2014 года ........................................................ 173

***Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова*** ........................................................ 174

***Юбилей*** ........................................................ 175

Д.ю.н., профессору БЕЙБИТОВУ М.С. - 60 лет........................................................ 175
К 60-летию академика НАЕН РК, д.ю.н., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИ................................. 177



***Орсаева Раиса Ануарқызы,***
*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты*

# ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМДІЛІК ӘРҚАШАН НӘТИЖЕ БЕРМЕЙДІ

Жас өрендеріміздің білімділігі қашанда ата-ана, мектеп, мемлекет тарапынан қолдау тауып, олардың жағынан жағымды жаңалықтар бола қалса, көпшілік назарына паш етіліп, ұсыныстар болса, құба-құптпен қарсы алынып, жария етілетіні белгілі. Білімділік, соның ішінде құқықтық білімділік өрісінің кең болуы - жасөспірімдеріміздің істеген істеріне жауапкершілікпен қарауға, не істесе де ойланып істеуіне түрткі болары хақ.

Қазақстан мемлекеті егемендігін алғаннан бері жастарымыздың белсенділігінің артып, қоғамның өсіп-өркендеуі жолында ел өміріне, саясатқа белсене араласуы күрт өсіп, белсенділік танытуы көңілге қуаныш ұялатады. Олардың білек сыбана іске кірісіп, болашақпен өздерін тікелей байланысқа түсетіндігін сезінуі қуанарлық та құптарлық та нәрсе.

Мемлекет тарапынан жастар болашағы үшін күнделікті істеліп, жүзеге асып жатқан істерді айтпағанның өзінде болашақта істелер істелер игі істердің шаш етектен екені айтпаса да түсінікті. Жастар саясатының дұрыс жолға қойылуы - кәмелетке жасы толмаған балалармен олардың үнемі жұмыс жүргізуі болса керек. Кез келген кәмелетке жасы толмағанның болашақ жастар қатарын толықтыратын ескерсек, олармен жүргізілетін тәрбиелік мәні мен мағынасы зор істердің берері де зор болмақ.

Сондықтан, кәмелетке жасы толмағандардың арасында орын алып жататын құқық бұзушылық пен қылмыстық әрекеттердің болмауы үшін олардың құқықтық білімінің өте жоғары деңгейде болуы - олардың қоғамға жат әрекеттерге барудан бұрын ойлануына жол ашады.

Сондай-ақ, кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімділігі олардың қоғамға жат әрекеттерін азайтып, қоғамға жат қадам басуын сиретері белгілі. Соңғы жылдары құқық бұзушылықтың күннен күнге көбеюі құқықтық білімнің жоқтығын дәлелдей түсіп, оны болдырмаудың алдын-алу шараларын тереңірек зерттеуді қажет етеді. «Қоғамға жат кейбір жеңіл-желпі құқық бұзушылықтан басталған әрекеттерден қылмыстың туындауы – құқықтық танымның жоқтығын, құқықтық білімнің төмендігін» дәлелдей түскендей [1].

Кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімін жетілдіру - болашақта құқық бұзушылық пен қылмыстылыққа тосқауыл болары сөзсіз.

Кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімін жетілдіру жөнінде қомақты ой қозғап, жасөспірімдердің құқық бұзуына себепкер болатын осы құқықтық білімнің таяздығы екендігін баса айтқан белгілі криминолог-ғалым Елеген Ізтілеуұлы Қайыржанов пікірін қолдаған ғалымдар Ө.С. Жекебаев, М.С. Нарықбаев, Е.О. Алауханов, Е.Б. Абдрасуловтар оның алдын-алу жолдарын қарастырып, нақты шаралармен әсер етуді ұсынды.

Дәл осындай пікірді ұстанған ресейлік ғалым А.И. Долгова жасөспірімдердің құқықтық танымының қаншалықты жоғарылығын анықтау мақсатында анкеталық сұрақтардың маңыздылығына көз жеткізді. Ол анкетаның «ашық» - «жабық» түрін пайдалану арқылы, кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылыққа деген көзқарасын анықтап, оларды үш топқа бөле отырып, олардың қандай да болмасын қоғамға жат әрекеттеріне жауапсыздықпен қарайтынын дәлелдей келе, оған құқықтық танымның төмендігі себеп болатынын тағы да атап көрсетті [2, 31]. Кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімінің төмендігіне куә ететін үш топ:

1. өзінің әр басқан жат әрекеттерін дұрыс санайтындар;
2. қоғамға жат, аморальдық қадам жасағанды мойындағандар;
3. қылмыс жасағандар.

Құқық бұзушылықтың тигізер зиянын жан-жақты бала бойына сіңіре білу - өмірде өз пайдасын

берері сөзсіз. Десек те, құқықтық тәртіпті бұзған көптеген балалар құқықтық білімнің жеткіліксіздігінен қылмыстық жауапкершілікке неше жастан бастап тартылатынын, қоғамға жат әрекеттерінің салдары қандай зардаптарға әкеп соғатынын біле бермейді.

Оқушылардың құқықтық білімінің қандай деңгейде екенін білу мақсатында Өскемен қаласы мектептерінің 8-9 сыныптарында жүргізген анкеталық сауалдар құқықтық білімнің «ақсап» жатқандығына куә етті. Анкеталық сауалға қатыстырылып, сұрақтарға жауап берген 200 баланың 96-сы құқықтық білімінің төменділігін көрсетіп, жауапкершіліктің неше жастан басталатынын білмейтіндіктерімен қынжылтса, 12-сі құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің туындайтынынан мүлдем бейхабар болып шықты. Бұл - мектептегі құқықтық білімнің саяздығын дәлелдей түсіп, мектеп оқушыларымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әлі де болса өз деңгейінде жүргізілмейтіндігін паш еткендей. Біздің ойымызша, кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімін жетілдіру үшін үнемі олармен құқықтық тәрбие жөнінде өмірмен байланыстыра отырып сөз қозғаса, қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жас пен қоғамға қайшы кез келген құқық бұзушылық та, қылмыс та жазаланбай қалмайтындығы жайлы әңгімені күнде айтып отырса, ол бала қалай болмасын, кез келген жат әрекетті істер алдында ойланары сөзсіз. Ал, құқықтық білімнің жоқтығы кез келген келесі құқық бұзушылыққа, қылмысқа қадам жасауға жол ашатыны белгілі.

Ресейлік ғалым А.И. Долгованың орта мектептерде, жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, әрбір он оқушының жетеуі қылмыстық жауаптылыққа 18 жастан тартылатынын айтса, тек 16 пайызы ғана 14, 16 жастан бастап жауапкершілік табалдырығын аттайтындығын дұрыс көрсеткен [3, 15].

Көптеген тәжірибе құқықтық жауапкершіліктен білімі барлардың қатарына бас бостандығынан айырылып, арнаулы мектептерде, колонияларда жазасын өтеп жүрген кәмелетке жасы толмағандарды жатқызуға болатынын дәлелдеді.

Белгілі криминолог-ғалым Е.І. Қайыржанов зерттеулері бас бостандығынан айырылған 251 кәмелетке толмағанның 14 пайызы қылмыстық жауапкершілік 15 жас немесе одан жоғары жаста тартылатынын айтса, 50 пайызы дұрыс жауап берумен бірге қылмыстық жауапкершілік жасын ішкі істер қызметкерлерінен, тергеушілерден естігендіктерін жеткізген. Ал, 13 пайызы нақты білмесе, 20 пайызы достарынан, 4 пайызы ата-анасынан, 3 пайызы күнделікті басылымнан, 2,5 пайызы кітаптан оқығанын мәлімдеген [4, 21].

Кейінгі кездері жас балалар (9-13 жастағы) құқық бұзушылығы мен кәмелетке жасы толғандар қылмысының қайталануы кімді болса да, алаңдатпай қоймаса керек. Осы орайда, балалар құқық бұзушылығының қайталанбауы жолында қандай шаралар мен пайдалы істер істелуде деген сұрақ туар болса, ол заңды да.

Қазіргі кезде кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссиясының атқарып жатқан жұмыстарының тиімділігі:

- құқық бұзған балаларды дер кезінде есепке алып, тәрбиелік сипаттағы шара қолданудан;
- есепте тұрған балалар мен қайталап қылмыс істеген балалардың түзелуінен көрінеді.

Ескерту жұмыстарының белгілі мөлшерде әсер еткенін, қылмыстың сәл болса да азайғаны - кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссия жұмысының тиімділігінен деуге болады. Десек те, кейбір келеңсіз жағдайлар бұл мекеменің істеген жұмыстарын жоққа шығаратындай дәрежеге жеткізеді.

Кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияның құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары мен жүргізген тиімді істеріне қоса, олардың жіберетін кейбір олқылықтарын зерттеген ресейлік заңгер ғалым М.Е. Токарева колониядан босаған 18-ге дейінгі кәмелетке жасы толмағандардың 42 пайызы, шартты түрде сотталған кәмелетке жасы толмағандардың 20 пайызы және құқық бұзғаны үшін комиссия тарапынан шара қолданылғандардың 27 пайызы кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияға есепке алынбағанын ашып көрсетті.

Есепке алынбаған кәмелетке жасы толмағандар әрекетінің назардан тыс қалуы - олардың бойында еркінділік, сенімділік сезімін тудыратыны белгілі. Бұл олардың келесі құқық бұзушылықты ойланбай оңай істеуіне бірден бір себепші болмасына ешкім кепілдік бермейді.

Жасөспірімдер мен кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылығының көбінесе ішімдік, есірткі шегу екенін зерттеу барысында анықтаған Мәскеудегі ғылыми зерттеу институтының кәмелетке жасы толмағандар ісімен айналысатын секторы 2000 жылдан бастап, бұл құбылыстың тұрақтылығымен көзге түскенін дәлелдей келіп, соның әсерінен бөтен адамның мүлкін ұрлау қылмысының көп орын алатынын ашып көрсеткен.

Жасөспірімдермен жүргізілетін профилактикалық жұмыстың оларға әсер етуі, құқық

бұзушылықты болдырмау жұмысының тиімділігі қоғамға жат әрекеттің кейбір саласына терең талдау жасауды, оның себептерін ашып көрсетуді, қандайда болмасын құқық бұзушылыққа қарай туындайтын ниеттің ерекшеліктерін ашуды, оның жүзеге асуын, одан кейінгі, дейінгі зардаптарын көрсетуді қажет етеді. Кәмелетке жасы толмағандар тәртібінің әртүрлі болатынын талдаған ғалымдар В.Н. Кудрявцев, А.А. Герцензон, В.К. Звирбуль, И.И. Карпец бірінші орынға бас пайдасын ойлау және күш көрсету қылмысын қоя отырып, бас пайдасын ойлау мақсатында жасалған қылмыс (көбінесе ұрлық, тонау) кәмелетке жасы толмағандар қылмысының 50-70% құрағанын баса көрсетті. Заңгер ғалымдар бұл қылмыстардың қауіптілігі көбінесе топтық сипат алатынын, ұрлық жасаушылардың жасы 10-13 жас аралығында болатындығымен ерекшеленетінін де айқындап берді.

Сондай-ақ , ғалымдар зерттеулері жанұяда, мектепке дейінгі, кейінгі тәрбиеде баланың бойында өзінің, қоғамның мүлігіне деген дұрыс қатынастың қалыптасуы өз дәрежесінде еместігін ашып, қылмыстың бұл түрімен байланыс ішімдік ішу, есірткі шегу, достарына ілесу кезінде жүзеге асатыны белгілі болғанын нақты дәлелдер арқылы саралап берді.

Жасөспірімдердің мұндай жат әрекетке бармауы үшін оларды қоғамға пайдалы іспен айналысуға тарту басты орын алады. Баланың еңбегі жалақымен бағаланатын былай қойғанда, ұйымдастырылған пайдалы жұмысқа араластыру мақсаты - еңбекпен тәрбиелеу екенін еске алсақ, бұл шара оларды ынталандыра түсері белгілі. Оған қоса, еңбектегі ересектердің үлгі аларлықтай әрекеттері де, олардың бойындағы жат қылықтарынан арылуына әсерін тигізбей қоймайды.

Кейінгі жылдары статистика жасөспірімдердің бас пайдасын ойлап, қоғамға қарсы жат әрекет - қылмысты топтасып жасауын, ересектер ықпалына еруін жиі көрсетіп жүр, бұл - болашақ тағдырына бей-жай қарамайтын кез-келген адамды алаңдатары сөзсіз.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығы мен кәмелетке толмағандар қылмысына ересектердің тікелей ықпал етуі - қылмыстық әрекетке тартудың бастапқы сатысы болса, бұл қылмыстық ойды жүзеге асырудан көрініс табатынына куәгер боламыз.

Қоршаған ортаның кері әсері кәмелетке жасы толмағандардың қылмысқа дейінгі тәртібіне өз өрнегін салмай өтпейтіні белгілі. Қоршаған ортаның бала психикасына ықпал етуінің салдарынан бала бойында пайда болатын жат қылықтардың әсері болашақ қылмыстың алғашқы баспалдағы болып табылатын құқық бұзушылыққа бастайтыны айтпаса түсінікті. Бұл жөнінде өзекті мәселе қозғаған ғалымдар Е.І. Қайыржанов, М.Ф. Орлов, В.М. Фокиннің пікірінше, баланы ерте бастан тәрбиелеп бағыт-бағдар беру баланың болашағына зор әсер етіп, өмірінде басты орын алады екен.

Сондай-ақ, ғалымдар жасөспірімдер құқықтық жағынан білімді болса, олар өздерінің істеген әрекеттері мен ересектер ықпалымен істеген әрекеттерінің зардабын түсіне білсе, қоғамға жат әрекетке бармас бұрын, олардың ойланары сөзсіз екенін баса көрсете кеткен.

Алайда, көптеген тәжірибе көрсеткендей, кәмелетке жасы толмаған балалар қылмыстық әрекетке барғанда, сол әрекеттің зардабын ойламай, қоғамға жат қылық істейтіні белгілі. Мәселен, Өскемен қаласында кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссиясында құқық бұзып есепте тұрған 500 баланың басым көпшілігі (326 бала) істеген істерінің зардабын ойламай, құқық бұзушылыққа барған. Олармен жүргізілген анкеталық сұрақтар барысы олардың заңды дұрыс білмегендіктен жат әрекеттерге барғандығын көрсетті. Біздің ойымызша, жасөспірімдердің құқық бұзбауы үшін мектептерде ішкі істер қызметкерлерінің қатысуымен тәрбиелік шаралар жиі-жиі өткізіліп тұрса, заң білмеушіліктің деңгейі азаяры айтпаса да түсінікті.

Жасөспірімдер қылмысының себептерін зерттеген ғалымдар еңбектері (Е.І. Қайыржанов, У.С. Жекебаев, М.С. Нарықбаев, С.А. Шапинова) бас бостандығынан айырылған көптеген жеткіншектердің басым көпшілігі заң «әліппесін» қамауда отырған кезден бастап, «тани» бастайтынын жан-жақты саралаған.

Л.С. Халдеев колонияда жазасын өтеп жатқан жасөспірімдердің құқықтық танымын тексеру барысында жүргізген зерттеулерде сотталған кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық жауапкершілік жайында соттың үкімінен кейін ойлана бастағанын көрсете келе, олардың 30 пайызы өздерін қоғамға қайшы ерекше ештеңе істеген жоқпын деп санағанын, 26 пайызының тиісті орындардың жазаның өте ауыр түрін тағайындағанын, 30 пайызы жазасының әділ еместігін айтқанын тілге тиек етті [5, 16].

Сондықтан да, біздің пікірімізше, колонияда тәрбие жұмыстарын жүргізіп жатқан тәрбиешілер тәрбие жұмысын бас бостандығынан

айырылғандармен жүргізу барысында олардың істеген қылмысының ауырлығын мойындату арқылы екінші рет қайталамауы үшін ол баланың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиенің нәтижелі болуы мақсатында жұмыс жүргізуі қажет.

Өзімізге белгілі болғандай, көптеген жасөспірімдер қылмысты біреудің ықпалымен не болмаса бірден тұтанған ойын іске асыру мақсатында соңынан не боларын, тигізер зардаптарын ойланбастан істейтін болғандықтан, профилактикалық тәрбие жұмысы кезінде, оны да естен шығармаған абзал.

Көптеген өмірдегі тәжірибе көрсеткендей, 10-13, 14 жастағы баланың ойлау қабілеті күннен күнге өсетін болғандықтан, бұл жастағы баланың кейбір балалық көзқарастары толысып, тұрақтана түседі. Маңайындағы адамдарды сынап, бағалауда жаңа ойлар қалыптастырады. Өзіне сенімділік, тұрақтылық нығайа түседі. Оған қоса, ескі - жаңа ойлаудың арасында қарама-қайшылық пайда болады. Бұл екі жақтылық оның мінезінің өзгеруін, тәртібінің бір орында болмауын, асығыс қорытынды шығаруын қалыптастырады.

Құқықтық білімнің маңыздылығын зерттеген ғалымдар (У.С. Жекебаев, Е.І. Қайыржанов, Е.О. Алауханов) колонияда тәрбиеленушілердің өздерінің істеген қылмысына жауапкершілігін сезінуін әр тұрғыда карауға болатынын зерттеген. Зерттеу олардың кейбіреуінің құқық бұзушылықты сезіне, түсіне тұрып істегенін, кейбіреуінің жауапкершіліктен оңай құтылатындығын ойлағанын дәлелдеген. Тәрбиеленуші балалардың қылмыстық ниетінің неліктен жүзеге асқандығын сұрағанда мынандай нәтиже берген:

• достарының алдында мақтанып, өзін күшті көрсеткісі келгендер (сұралған 103 бала, яғни 23%)

• ересектердің ықпалына ергендер (бұл - әсіресе тәрбиеленіп жатқан балалар, яғни 14 жастағыларға тән (сұралған 46 бала, яғни 13%).

• көрсеқызар, заңды бұзуға дайын тұрағандар (62 бала, яғни 12%).

Қазақстандық белгілі криминолог-ғалым Е.І. Қайыржанов кәмелетке жасы толмағандар қылмыстылығының себептерін ашу мақсатында жүргізген зерттеулерінде олардың қылмыстық жауапкершілік жөнінде түсініктерінің өте төмен екендігін айта келе, олармен үнемі тәрбиелік мақсаттағы құқықтық білім діңгейіндегі шаралардың өтіп тұруын қамтамасыз етуді ұсыныс ретінде қарастырған.

Қалай десекте, кәмелетке жасы толмағандар қылмыстылығы болашақ қылмыстылықтың орнын толтыратындықтан, олармен жүргізілетін шаралар нәтижелі де нәрлі болу керектігі айтпаса да түсінікті. Нәтижелілік қай кезде де, үнемі жақсы жақтарды туындатып, баланы жақсылыққка ғана жетелейді. Ал, жақсылықтың жандана түсуі үшін жоғарыда айтқан құқықтық білімділікті бала бойына сіңіре білсек, сонда ғана құқық бұзушылықты болдырмай, қылмыстылықтың алдын ала аламыз. Алдын-алу үшін әлі де болса, кәмелетке жасы толмағандармен көп жұмыс істеу болашақ еншісіне қалмақ.

Криминологиялық тұрғыдан қарасақ, қазіргі кезде жасы толмағандар қылмысымен күрестің негізгі құралы қылмыстық-құқықтық нормаларын дұрыс пайдалану болса, социологиялық зерттеудің басты бағыты – жасы толмағандар қылмысымен күрестің қылмыстық-құқықтық шаралардың тиімділігін пайдалану, іске асыру. Алайда, қылмыстық заңдылық пен оның тиімділігін пайдалану көбінесе, заң техникасының қағидаларын бұзуға байланысты төмендейді.

Жасы толмағандар қылмысын ескерту шараларының тиімділік проблемаларын оқып-үйрену тек қана нақты заңдылықты жетілдірумен шектелмейді, бұдан оның тәжірибеде қолдану қажеттілігін зерттеу, оқып-үйрену қажеттігі туындайды. Ол жасы толмағандарға тағайындалатын жаза болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық ғылымда әлі де болса, толық зерттелмеген қиын проблеманың бірі-жасы толмағандардың қоғамға жат әрекеттерінің ерте бастан шығатынын дер кезінде көре алмау. Оған қоса, жасөспірімдердің қаңғыбастыққа салынуының себептері мен жағдайын ашу нақты зерттеуді қажет етсе, бұл – олардың қоғамға жат әрекеттірінің ерте бастан біліне бастағанына куәгер етеді. Жасы толмағандардың қаңғыбастығы олардың құқық бұзушылығының алдын-алу проблемаларымен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысына бағытталған қылмыстық, әкімшілік заңдылықтарының проблемалары бүгінгі күні бірінші орында десек, қателеспеген болар едік. Қылмыстық, әкімшілік заңдылықтарының проблемасы жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияның қызметімен тығыз байланысты екенін тағы да еске сала кетсек, артық болмас.

Жалпы, жасы толмағандардың қоғамға жат қылықтарын ерте бастан ашып, алдын алу – құқық бұзушылықтың профилактикалық

тиімділігінің негізі, қайнар көзі. Сондықтан, кәмелетке жасы толмағандар тарапынан құқық бұзушылық кең етек алмас үшін олардың құқықтық білімін жетілдіру проблемалары басты мақсат ретінде қалып, шешу жолдары шешімін табуы қажет. Сонда ғана заң тілімен сөйлейтін білікті де саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз. Ал, білікті де саналы ұрпақтың өсіп-өркендеп жетіле беруі - көлеңкесіз болашақтың қамтамасыз етілгенін дәлелдеп, қиындықтан кедергісіз өте алатын жастарға жол ашары анық. Бұл - болашақтың жеңісі мен жемісі болмақ. Болашақ жеңілістерге емес, ауыз толтырып айтарлықтай жеңістерге толы болса, онда ата-ана үмітінің ақталып, мемлекет болашағын өзімен тікелей байланыстырған жасөспірімдер болашағының да мәнді де сәнді болары сөзсіз.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Абдрасулов Е.Б. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу / «Заң». - 2005. - №6. - Б. 40.

2. Джекебаев У.С. Об опыте криминологического изучения личности преступника и преступного поведения. – В кн.: Преступление и ответственность. - Алма-Ата, 1979. - 135 с.

3. Долгова А.И. Изучение правового сознания несовершенолетних. В кн: Научная информация по вопросам борьбы с преступностью. - М., 1969. - №22. – С. 97.

4. Каиржанов Е.И. Объект преступления – интересы социальных субъектов. - Алматы, 2008. - 103 с.

5. Халдеев Л.С. Социально-психологические исследования личности воспитанников колоний для несовершеннолетних / Научная информация по вопросам борьбы с преступностью. – М., 1969. - №22. – 97 с.

• • • • •

*Мақалада автор кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық білімділігін қарастырған. Сондай-ақ, құқықтық білімсіздіктің әсерінен болатын қылмыстылықтың алдын-алу жолдарын саралаған.*

***Түйін сөздер:*** *құқықтық білімділік, қылмыстық әрекет, қылмыстылық, алдын-алу.*

*В статье рассматривается преступность среди несовершеннолетних. Автором раскрываются проблемы правовых знаний и ее влияние к несовершеннолетним. Также рассматривается вопрос о предупреждении преступности несовершеннолетних.*

***Ключевые слова:*** *правовое знание, преступное деяние, преступность, предупреждение.*

*In article is considered amongst minor. The Author the problems of the legal knowledges and her (its) infusing to minor. Also consider the question about warning of criminality minor.*

***Keywords:*** *legal knowledge, criminal act, crime prevention.*

**Раиса Ануарқызы Орсаева,**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к.

**Құқықтық білімділік әрқашан нәтиже бермейді**

**Орсаева Раиса Ануаровна,**

ассоциированный профессор кафедры уголовного права и уголовного процесса Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова, к.ю.н.

Правовое знание всегда дает результат

**Orsaeva Raisa Anuarovna,**
assortment professor of chair of criminal law and criminal trial of the East Kazakhstan state university of S. Amanzholov, c.j.s.
**Legal knowledge always gives results**

**Институт законодательства Республики Казахстан представляет**




КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖҮЙЕЛЕНДІРУ: БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 2012 жылғы 21 қыркүйек. – Астана: «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ММ, 2012. – 290 б.

СИСТЕМАТИЗАЦИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ: Материалы международной научно-практической конференции 21 сентября 2012 года. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2012. – 290 с.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы №360 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013-2014 жылдарға арналған перспективалық жоспарында 2013 жылдың 1-тоқсанында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін әзірлеуді аяқтау көзделген.

Кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы жүйелендіру шаруашылық жүргізу субъектілерінің мүдделерін және олардың барлық қызмет салаларын қозғайды, сондықтан қызу пікірталас пен ғылыми және мерзімді басылым беттерінде қарама-қарсы пікірлердің болуын туғызады.

Осыған байланысты 2012 жылдың 21 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасының Заң шығару институты бірлесе отырып, «Кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы жүйелендіру: бүгінгі жай-күйі және болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткізді.

Перспективным планом законопроектных работ Правительства Республики Казахстан на 2013-2014 годы, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2012 года № 360, в 1 квартале 2013 года предусмотрено завершение разработки проекта Предпринимательского кодекса Республики Казахстан.

Систематизация законодательства в сфере предпринимательства затрагивает интересы хозяйствующих субъектов и все области их деятельности, поэтому вызывает оживленную дискуссию и взаимополярные мнения на страницах научных и периодических изданий.

В связи с этим 21 сентября 2012 года Министерством юстиции Республики Казахстан и Институтом законодательства Республики Казахстан проведена международная научно-практическая конференция на тему «Систематизация законодательства в сфере предпринимательства: состояние и перспективы».